

Д.Е. Бурибаев<sup>1\*</sup>, Г.Р. Бахтиярова<sup>2</sup>, А.М. Токжанова<sup>3</sup>

<sup>1, 2, 3</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
(\*Хат-хабаларға арналған автор: E-mail: dau\_27.94@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID 0000-0001-9062-1385

<sup>2</sup>ORCID 0000-0002-0534-4879

<sup>3</sup>ORCID 0000-0003-0354-5789

## Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың маңызы

Мақала болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастырудағы өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастырудың маңыздылығын зерделеп, тұжырымдауға арналған. Қарастырылып отырған мәселе аясындағы зерттеулердің мақсаты жоо студенттерінің өзіндік жұмысының сапасы мен тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау және бағалау, оны оңтайландыру үшін ұсыныстар кешенін әзірлеу. Авторлар мақалада нақты тәжірибеде студенттердің зерттеушілік мәдениеті қалыптасуының қазіргі жағдайын анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеулер нәтижелерін сараптау және өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне, сондай-ақ өзіндік жұмыстың критерийлері мен өлшемдерін анықтаудың тиімді әдістеріне арналған әдебиеттерге жүйелі шолу жасаған. Зерттеудің негізгі тұжырымдары заманауи білім беру технологияларын интеграциялау, оқу үрдісін жекелендіру, оқытушылардың тәлімгерлік рөлін күшейту мен ресурстық және әдістемелік негізді оңтайландыру қажеттілігін көрсетеді. Мақала мазмұны бүгінгі кредиттік білім беру жүйесіндегі білім алушылардың өзіндік жұмысқа бейімделу динамикасына назар аударуды көздейді, бұл үдеріс педагогикалық тәжірибеде кері байланыс орнатудың және студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттесуінің маңыздылығын көрсетеді. Берілген ұсыныстарды іске асыру студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру тиімділігін арттырып, тәжірибеде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда жоғары оқу орындарында өткізілетін өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың қазіргі заман талаптарына сай педагог-мамандардың кәсіби деңгейін үздіксіз жетілдірудегі жетістіктерге қол жеткізуі мен шығармашылық ізденістерге деген ұдайы ұмтылысын арттырудағы және түрлі жағдайларда оң шешім қабылдауға дағдыландырудағы маңыздылығы атап көрсетілген.

*Кілт сөздер:* кәсіби даярлық, зерттеушілік мәдениет, ғылыми-зерттеу әрекеті, зерттеу дағдылары, студенттің өзіндік жұмысы, болашақ мұғалім, оқытуды жекелендіру.

### Кіріспе

Қазіргі әлемдік жаһандану үдерісі мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында адам капиталын қалыптастырудағы мектеп ұстаздарының қоғамдағы рөлі мен ықпалы бұрынғыдан да артып отыр. Бастауыш білім беру сатысынан бастап-ақ мұғалімдер оқушыға негізгі бағдарламалық білімдерді меңгертіп қана қоймай, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын, түрлі құбылыстар мен процестерді талдау қабілеттерін және зерттеушілік қызметке деген қызығушылығын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда кәсіби даярлық барысында ең алдымен, жоо-да бүгінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мәселесі сапалы білім берудің негізгі факторына айнала отырып, ерекше өзектілікке ие.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда, әсіресе, базалық педагогикалық және кәсіптендіру пәндерін меңгерту барысында өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың маңызы жоғары. Ең алдымен, өзіндік жұмысты ұйымдастыру формалары мен қолданыстағы әдіс-тәсілдерін нақтылап, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдауға, студенттердің өз бетінше зерттеу, іскерлік дағдылары мен сыни ойлауын қалыптастырудағы ықпалына баса назар аудару қажет. Қазіргі ғылыми әдебиеттер мен педагогикалық тәжірибелерді жан-жақты зерттеп, зерделеу бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке баулып, даярлау үшін оқу бағдарламаларын бейімдеуге және тәжірибеде өзара байланысты тиімді педагогикалық шарттар мен өзіндік жұмыстардың ұйымдастырылу формаларын, әдіс-тәсілдердің үйлесімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Келесі маңызды аспект — білім беру үрдісінде *оқыту дизайнын құруда* педагогикалық технологияларға негізделген инновациялық әдістерді мақсатты, жүйелі іске асыру. Осы бағытта студенттердің танымдық зерттеушілік қызметін белсенді етуде түрлі өзіндік жұмыс формаларын, элементтерін өзара үйлесімділікте, тиімді ұйымдастыру мақсатында оқу және жұмыс бағдарламаларын (SYLLABUS) оңтайландырып, мақсатты жетілдіріп отыру шешуші рөл атқарады. Жоғары оқу орындары білім алушылар бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастырып, жалпы және кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар болашақ білім негізін қалыптастырушы мұғалімдерді жаңа өмір талаптарына сай тәжірибедегі күрделі мәселелерді шешуге педагогикалық-психологиялық, әдістемелік тұрғыдан да жан-жақты дайындайды. Жаңа әдістер мен стратегиялардың тиімділігін педагогикалық тұрғыдан бағалау мен бақылау да осы мәселе аясында басты орын алады. Бұл орайда студенттердің үлгерімін жүйелі талдаудың нақты критерийлері мен индикаторларын әзірлеу, сондай-ақ оқу әдіс-тәсілдерін мақсатты, үздіксіз бақылау және өңдеу, жетілдіру білім беру сапасын үнемі жақсартуға мүмкіндік береді [1, 22].

Осы орайда алғашқы оқу курстарынан бастап жоғары оқу орындары студенттерінің зерттеушілік мәдениеті қалыптасуының олардың келешектегі мансаптық өсу жолына және болашақ мұғалімдердің кәсіби білімі мен біліктілігін арттыруға әсерін жан-жақты талдап, зерттеу маңызды. Көпшілік ғалымдар пайымдауынша: «Болашақ мұғалімнің ғылыми-зерттеу мәдениеті қалыптасуындағы даму мен өзін-өзі дамыту процестерінің өзара үздіксіз байланысын қамтамасыз етудің ішкі механизмі — педагогикалық сабақтастық. Педагогикалық сабақтастық — бұл адам дамуының түрлі сатылары мен кезеңдерінің арасындағы, сондай-ақ оның танымындағы объективті, қажетті байланыс. Ұйымдастырушы-педагогикалық жүйеде тұлғаның ғылым-зерттеу мәдениетін дамыту үдерісін нақты екі институциональдық құрылым: кәсіби даярлық (жоо, университет) және жоо, университет жанындағы ғылыми кәсіби біліктілік деңгейін жетілдіруші жүйе жүзеге асырады» [2, 233].

Соңғы кездері жоғары мектеп жағдайындағы студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылып жүр. Ол танымға деген мотивацияны арттырып, ғылымда жаңа нәтиже алуға және шығармашылыққа деген талпынысты қалыптастырып, білім алушылардың жауапкершілігі мен дербестігін, оларды оқыту мен тәрбиелеудегі жеке даралық қатынасты жүзеге асыруға мол мүмкіндіктер береді. Бүгінгі студенттер жаңа «сандық» дәуір ұрпағының өкілі ретінде ақпараттық технология әлемінің білімімен терең қаруланған. Олардың ғылыми жоба орындау барысындағы оқытушылармен, ғалымдармен бірлескен жұмыстары кәсіби тұрғыдан өз-өздерін анықтауға және өз бойындағы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, өз-өзіне деген сенімдерін арттыруға ықпал етеді. Демек, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындап, танымдық қызмет барысында олардың бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру ең алдымен жүйелі қатынастың болуын қажет етеді [3, 148-149]. Бұл орайда бүгінгі жаһандану талаптарына, технологиялық инновацияларға және әлеуметтік-мәдени өзгерістерге бейімделуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ең алдымен, зерттеушілік мәдениет қағидаттарын терең түсініп, оларды тәжірибеде басшылыққа алу маңызды.

Біз сөз етіп отырған мәселе аясында бүгінгі педагогика ғылымы саласында түрлі кезеңдерде, әр түрлі қырынан қарастырған көптеген зерттеулердің орындалғанына қарамастан, студенттерді кәсіби педагогикалық қызметке даярлау барысында олардың зерттеушілік мәдениетін мақсатты, тиімді қалыптастыру мәселесі әлі де ашық күйінде қалып отыр. Білім алушылардың заманауи кәсіби, тұлғалық қажеттіліктеріне бейімделген өзіндік жұмыстың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындары тәжірибесіне ұтымды енгізу білім беру жүйесін дамыту мүмкіндігі ретінде де әрекет ететіні сөзсіз.

Мақала мазмұнында сөз етіліп отырған ізденістер мақсаты — болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы оқыту мен оқу үдерісінің маңызды компоненті — *өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың* маңызын, жетекші рөлін зерделеуді, зерттеуді, ғылыми-әдістемелік тұжырымдар жасауды көздейді. Біз өзіндік жұмыстың түрлері мен формалары, әдістері студенттердің бүгінгі сандық технологиялар әлемі білімдерін меңгеруіне, ғылымдағы ақпаратқа сыни көзқарастары мен ғылыми зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауына, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, тұлғаның өз-өзіне деген сенімін арттыруға қалай ықпал ететінін талдап, тұжырымдауға талпынамыз. Бұл орайда алға қойылған басты міндеттер:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне арналған түрлі ғылыми көзқарастарды, әдебиеттерді талдау.

2. Студенттердің зерттеушілік дағдысы мен мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін тиімді өзіндік жұмыстың түрлерін анықтау.

3. Жоо студенттерінің зерттеушілік мәдениеті қалыптасуының ағымдағы жай-күйін бағалау үшін эмпирикалық зерттеулер жүргізу.

4. Студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың деңгейін арттыру мақсатында өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үдерісін оңтайландыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Осылайша, қарастырылып отырған мақала идеясы мен мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін өзіндік жұмыстар арқылы сапалы дамытып, қалыптастыруға ықпал ететін ғылыми-әдістемелік көзқарастар мен ұсынымдарды салыстырмалы түрде жүйелі терең талдап, зерделеуге, тұжырымдар алуға бағытталған.

Жан-жақты ізденістер барысы бізге болашақ мұғалімдер даярлығын жүзеге асыруда олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстың рөлін, тиімділігін түрлі қырынан қарастыруды көздеген ғылымда бірқатар зерттеулердің бар екенін көрсетті.

Осы проблема аясындағы ізденуші А.С. Баранованың пікірінше, бүгінгі білім беру ісін дамыту жағдайында *«зерттеушілік мәдениет»* ұғымы өзекті мәнге ие болып, студенттердің бұл бағыттағы кәсіби мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтап, осы жағдайдағы университеттік білім берудің және студенттерді зерттеу мәдениетіне баулып, қызығушылықтарын арттыруда жоғары оқу орындарындағы дәрістер мен семинар сабақтарының рөлін талдап, жан-жақты зерделеу айрықша қызығушылық тудырып отыр. Автордың көзқарасынша, жоғары оқу орындарында жүргізілетін ғылыми тақырыптық пікірталастардың (дискуссия) өтілуіне айрықша мән беру қажет. Оқытудың қай формасында болмасын, шәкіртті білімді тәуелсіз іздеуге және олардың өз бетінше білім алу үдерісін шеберлікпен ұйымдастыруда, ең алдымен, өзінің бойында зерттеушілік мәдениеті жоғары, ғылыми ізденіске құмар, білікті ғалым-оқытушылардың оқу үдерісін басқаруына көңіл бөлінуі тиіс. Сонымен қатар өзіндік жұмыстар барысындағы *«зерттеушілік мәдениет»* категориясының мәнін қарастырған ғылыми еңбектерге терең талдау жасалып, бұл бағыттағы түрлі танымал ғалымдар (Н.В. Петров, Н.В. Ардашева, Е.А. Гаращенко және т.б.) ұстанымдарына салыстырмалы талдаулар жасау негізінде осы ұғым аясында жан-жақты, терең түсініктер беру маңызды рөл атқарады [4, 199].

Ал ғалым А.Б. Рахмонов көзқарасына сүйенсек, *зерттеушілік дағдылар* іс-әрекет барысындағы белсенділікті арттыру, білімді меңгеруде өз бетінше іздену, шығармашылық ойлау қабілетін меңгеру мен зерттеу нәтижелерін талдау, қойылған міндеттерді шешу үшін білімді тәжірибеде ұтымды қолдануды қамтиды. Зерттеушілік дағдылар оқыту, тәрбиелеу және дамытудың объективті заңдылықтарын анықтауға бағытталған танымдық іс-әрекеттің нәтижелерін іздеу, іріктеу, өңдеу, талдау, құру, жобалау және дайындау бойынша тапсырмаларды саналы түрде орындау қабілетінен тұрады. Жоғары оқу орындарында студенттердің зерттеушілік дағдылары *оқу-зерттеу* және *ғылыми-зерттеу* қызметі үдерісінде қалыптасады.

Оқу-танымдық зерттеулерді орындау барысында болашақ мамандар өз бетінше эксперименттер жүргізуге, алдына қойған нақты ғылыми міндеттерді шешуде игерген білімдерін қолдануға машықтанады, демек, жоғары кәсіби дамуға ықпал ететін негізгі базалық зерттеу дағдыларын игереді. Ғылыми зерттеулердің оқу-зерттеу жұмыстарынан айырмашылығы күтілетін және алынатын нәтижелердің объективті әлеуметтік маңыздылығын көрсете отырып, зерттеудің жоғары деңгейін болжайды [5, 12-13].

Сол секілді М.А. Исаеваның педагогикалық мамандық студенттерінің жобалық-зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың факторлары мен шарттарын қарастырған ғылыми мақаласында бұл проблеманы негіздеудің негізгі мақсаты зерттеу креативтілігін, зерттеу сауаттылығын, тұлғаның кәсіби өзін-өзі жетілдіруі мен педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасын құру екенін баса айтады. Автор өзі жүргізген зерттеулер негізінде педагогикалық мамандықтар студенттерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үдерісіне ықпал ететін мынадай *факторлар* мен *жағдайларды* анықтап береді:

1. Жобалық-зерттеушілік мәдениетті қалыптастыруда тұрақты мотивация тудыруға әсер ететін шығармашылық атмосфераның құрылуы.

2. Оқыту үдерісінің тәжірибелік бағыттылығы.

3. Болашақ мамандардың жеке басы қабілеттерін, бағыттылығы мен ерекшеліктерінің ескерілуі.

4. Қажетті ғылыми-әдістемемен қамтамасыз етуді әзірлеу және олардың тәжірибеге енгізілуі [6, 66].

Сөзсіз осы айтылған факторлар мен жағдайлардың зерттеушілік мәдениетті қалыптастырудағы кез келген ізденістер аясында өте маңызды екені еш талас тудырмайды, өйткені, бұл тұжырымдар жоғары мектеп дидактикасының педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастырудағы басты заңдылықтары мен принциптері негізінде анықталуымен біз үшін де құнды болмақ.

Біздің зерттеулеріміз үшін аса қызығушылық тудырған келесі бір ғалым Е.В. Чердынцеваның кәсіби даярлық жүйесіндегі білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру бағытындағы көзқарасы болды. Автор өз мақаласында қазіргі Ресейдегі сапалы кәсіби даярлықты жүзеге асыруда педагогикалық жоғары білім беру жүйесі жағдайында студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырып, дамытудың маңызы бұрынғыдан да артып отырғандығын баса айтады. Бұл орайда ғалым студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда ең алдымен *жүйелілік қатынастың* болуын басшылыққа алып, барлық психологиялық-педагогикалық пәндерді меңгертудегі және әр оқу курстарында ұйымдастырылатын оқу және педагогикалық практика түрлері мен оқудан тыс танымдық әрекеттерді басқарудағы *жоғары мектеп оқытушысының мақсатқа бағытталған жетекші әрекетінің* маңыздылығын атап көрсетеді. Демек, оқытушы басшылығы мен бақылауы арқылы кезең-кезеңмен студенттердің өз бетінше зерттеулер жүргізуін жүзеге асыруда болашақ кәсіби қызметтің заманауи ғылыми тәсілдері мен технологияларын зерделеуге негізделген өзіндік білім беру қызметіне аса мән берудің маңызы мен қажеттілігі айтылады.

Е.В. Чердынцева пікірінше: «Білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін өз бойларына сіңіруі олардың кәсіби құзыреттіліктерді саналы, белсенді игеруін, сондай-ақ кәсіби бағыттылығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді» [7, 115-117].

Ал П.В. Замкин өз көзқарасында педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттердің зерттеушілік қызметін практикаға бағытталған іс-әрекеттер жағдайында ұйымдастыруды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге мән бере отырып, оқу-танымдық және зерттеушілік қызметтегі жүйелілік интеграциясын басты ғылыми-педагогикалық мәселе ретінде қарастыруды ұсынады. Сол секілді ғалым педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттердің зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруды жүзеге асырудағы біртұтастылық пен жүйелілікті қамтамасыз етудің тәжірибедегі әлсіз тұстарының бірқатар белгілерін атап көрсетеді. Бұл орайда автор қазіргі таңда студенттік орта ғылымындағы өзін-өзі басқарудың төмен деңгейде екенін, білім беру ұйымдары кеңістігіндегі және жоо студенттерінің зерттеу әрекеттерін басқарудағы тәлімгерлік қолдау мен сүйемелдеудің жеткіліксіздігін, ғылыми және практикалық іс-әрекеттер арасындағы әлсіз байланыстың болуын, ФЗЖ тақырыптарының көпшілік жағдайларда білім берудегі өзекті мәселелерден алшақ, формалды түрде таңдап алынуын, зерттеулерге негізделген тапсырмалардың, зерттеу кейстерінің практика бағдарламалары мен оқу пәндерінің құрылымында және мазмұнында аз көрініс тауып отырғандығын айрықша сөз етеді. Нәтижесінде педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің бойында зерттеушілік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейінің жеткіліксіздігі мен оқу міндеттерін шешудегі зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды қолданудағы кәсібилігінің төмен екені атап өтіледі [8, 50].

Өзбек ғалымы Ш.Р. Турдиев зерттеулерінде оқыту үдерісінде студенттердің оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі арнайы жан-жақты сөз етіліп, кәсіби даярлық барысындағы болашақ мамандардың оқу-зерттеу әрекеттерін қалыптастырудағы басты міндет — белсенді шығармашылық әдістерді меңгерту деп тұжырым айтылады. Солардың қатарында ғылыми таным әдістері: эмперикалық ойлау әдістері — бақылау, салыстыру, қорытындылау және теориялық таным әдістері — анализ, синтез, индукция, дедукция, ал эмперикалық-теориялық ойлау әдісі ретінде — жобалауды (моделдеу) жан-жақты, терең меңгертудің маңыздылығы айрықша атап өтіледі. Жасалған талдаулар негізінде ғалым өз тұжырымында студенттердің оқу-зерттеу жұмыстарының бірқатар формаларын жүйелеп ұсынады. Атап айтқанда:

- проблемалық сұрақтарды теориялық тұрғыдан талдау, шешу;
- зерттеу мазмұнымен байланысты мәселелерді шешу;
- тәуелсіз зерттеулер негізінде жасалған баяндамалар барысында шешім тапқан сұрақтарды талдау;
- шығармашылық тапсырмаларды жеке орындау;
- студенттердің өз бетінше шешімін табуы тиіс материалдарға таңдау жасауы;
- білім алушылардың графикалық жұмыстарды орындауы;
- студенттердің мәнжазбалар (реферат) мен есептер дайындауы;
- ғылыми үйірмелер, бірлестіктер жұмысы;

- білім алушылардың ғылыми конференцияларға қатысуы;
- студенттердің ғылыми-зерттеулер жинағын даярлауға қатысуы.

Осылайша автор көзқарасынша, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың ажырамас маңызды бір бөлігі ретінде зерттеу элементтері бар сұрақтардың оқыту үдерісінде нақты шешімін табуы маңызды. Оқытудағы мұндай «шағын» зерттеулер қосымша уақытты талап етпейді, шешім табудағы күрделілік деңгейі әр түрлі, әрі олар барлық білім алушыларды толық қамтитын күнделікті педагогикалық үдерістің ажырамас бір бөлігі. Күнделікті «шағын» зерттеулер жүргізу негізінде студенттердің бойында түрлі құбылыстар мен процестердің мәнін ажырату, жалпылау, қорыту, жүйелеу, болжамдар құра білу секілді және т.б. іскерліктер мен дағдылар қалыптасады деген ғалым пікірін біз толық қолдаймыз және өз тәжірибемізде негізге аламыз [9, 21-23].

Сонымен жоғарыда аталған және өзге де түрлі зерттеу көздеріне [10], [11] жасалған терең, жан-жақты талдаулар бізге бүгінде, *біріншіден*, қай салада болмасын, болашақ педагог мамандарды ғылыми-зерттеу әрекетіне баулып, олардың кәсіби зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселе екенін нақтылауға, *екіншіден*, бұл мәселенің шешімін табудағы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдерістің жоғары мектеп дидактикасы заңдылықтары мен принциптеріне (қағидаларына) сай ұйымдастырылуының маңыздылығын және оқытудың ажырамас бір бөлігі, яғни, компоненті өзіндік жұмыстарды (СӨЖ, ОСӨЖ) тиімді ұйымдастырудың түрлері, жолдары мен формаларының шешуші рөлін білім мазмұнына сай нақтылау қажеттілігін айқындап берді. Сол секілді бүгінгі ғылымдағы түрлі көзқарастар мен айтылған пайымдаулар бізге бұл мәселенің шекарасы жоқ, барлық әлем ғылымына, жалпыға ортақ, кең ауқымды, көп қырлы мәселе екенін көрсетті.

Осыған байланысты алдағы зерттеулердің нысаны, қазіргі кезеңдегі кәсіби педагогикалық білім берудің маңызды міндеттерінің бірі — болашақ педагогтың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда, ең алдымен, жоғары мектеп жағдайындағы студенттердің өз бетінше танымдық, оқу-зерттеу жұмыстарын дербес атқару біліктерін, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру.

#### *Әдістер мен материалдар*

Осы мәселе аясында ізденістер жүргізуде біз бірқатар ғылыми-теориялық таным әдістерін кешенді, жүйелі мақсатқа сай, тиімді қолдану маңызды деп білеміз және нақты зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуде тәжірибеде қолдануға талпындық. Бұл орайда біз ең алдымен:

- тақырыпқа сай ғылыми дереккөздерді, әдебиеттерді жүйелі шолу, ғылыми мақалаларды, орындалған ғылыми зерттеулер бағыттары мен деңгейін анықтау, талдау және синтездеу, ғылыми жарияланымдардың мәліметтер базасын жүйелеп, теориялық тұжырымдамалар мен модельдерді талдау;

- зерттеу пәніне орай көрсеткіштер мен өлшемдерді анықтау үшін ғылыми-педагогикалық түрлі тұжырымдамаларға сараптама жүргізу және өзіндік жұмыстардың түрлерін, тиімді критерийлері мен өлшемдерін, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру жұмыстарының деңгейін анықтаудың алғашқы кезеңінде сауалнама (дельфи) әдісін, тақырыптық сұхбаттарды саралап, алынған деректерді талдаудың квалиметриялық әдістеріне жүгіндік.

Сонымен қатар біз педагогикалық бақылау, оқу пәндерінің бағдарламаларына мазмұндық, құрылымдық талдаулар жасап, жоғары оқу орындарының студенттерімен сауалнамалар (сұхбаттар) жүргізу, алынған нәтижелерді сандық және сапалық тұрғыдан талдау, статистикалық өңдеу жүргізу;

- өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ағымдағы тәжірибелерін зерттеп, зерделеу, проблемалар мен қажеттіліктерді анықтау, алынған мәліметтер негізінде оңтайландыру бойынша болашақта нақты стратегиялар, ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыруды көздейміз.

#### *Нәтижелер және оларды талдау*


Ғылыми әдебиеттерге, дереккөздерге жүйелі жүргізілген мақсатты талдаулар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мәселесімен байланысты орындалған негізгі ізденістер бағытын, олар қамтыған аспектілерді анықтауға ықпал етті. Соның негізінде осы арнайы сөз етіліп отырған мәселенің ғылымдағы даму динамикасы мен бағыттары анықталды, бұл оның өзектілігін және одан әрі мақсатты, терең зерттеу қажеттілігін растайды. Сонымен қатар талдаулар болашақ ұстаздардың бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру проблемасын қарастыратын теориялық көзқарастар мен әдіснамалық негіз болатын тұжырымдамалар, қағидалар шеңберлерінің алуан түрлілігін анықтауға мүмкіндік берді. Әйткенмен, бұл бағытта бірыңғай

әдістемелердің жетіспеушілігі байқалады, ал бұл бізге келешекте стандартты рәсімдер мен өлшемдерді, арнайы әдістемені даярлау қажеттілігін көрсетеді.

Көпшілік әдебиеттерде бүгінгі студент жастардың сыни ойлауын, шығармашылық талғамын және ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін зерттеу элементтерін оқу үдерісімен біріктірудің маңыздылығына баса назар аударылады. Алайда ғылыми-әдістемелік, яки академиялық ресурстардың шектеулі болуына және нақты зерттеу пәнімізге орай әдістемелік ұсыныстардың жеткіліксіздігіне байланысты алға қойылған міндеттерді бүгінгі жоғары оқу орындары тәжірибесінде нақты іске асыруда қарама-қайшылықтар орын алатыны сөзсіз. Бірқатар ғылыми дереккөздерді, әдебиеттерді талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру проблемасының маңыздылығын анықтап қана қоймай, оны жүзеге асыруда өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын, ұтымды әдістері мен стратегияларын, технологиясы мен техникасын әзірлеу үшін болашақта мақсатты, жан-жақты одан әрі зерттеулер жүргізу қажеттілігін айқындап отыр. Ғылыми басылымдар бұл қаралып отырған мәселе аясында бірқатар түрлі аспектіде зерделенген теориялық тұжырымдар ұсынады, дегенмен, бұл нәтижелерді практикада іске асыру үшін әр оқу орнының, білім беру бағдарламаларының (мамандықтың) бағыттарын, оқу пән бағдарламаларының мазмұнын, студенттер тобының ерекшелігін, олардың жеке басы мен жергілікті аймақтық ерекшелікке негізделген факторларды да ескеру қажет деген тұжырымға келдік. Сондықтан осы аталған жайттар алдағы уақытта атқарылатын біздің зерттеулеріміздің барысында өзінің нақты шешімін кезең-кезеңмен табуы тиіс. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін өзіндік жұмыстар арқылы қалыптастыру үшін ең тиімді педагогикалық тәжірибелерді жинақтап, анықтау, терең талдаулар мен тұжырымдар алу жалғаса бермек.

Осы орайда бүгінгі тәжірибеде тиімді өзіндік жұмыс критерийлері мен өлшемдерін анықтау үшін бірқатар әдістерге мазмұндық талдаулар жасалып, өзіндік қызығушылық тудырған дельфи әдісі негізінде зерттеу жұмыстары жүзеге асты. Дельфи әдісі — сарапшылар арасында әртүрлі пікірлерді анықтау, күрделі және көп өлшемді мәселелер бойынша келісімге келу қабілетіне байланысты таңдалады.

Бұл — бірнеше кезеңдерде белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша сараптамалық пікірлерді жинауға және талдауға мүмкіндік беретін сапалы зерттеу әдісі. Сарапшылар бірқатар сұрақтарға жауап беріп, нәтижелер талданады, содан кейін қатысушыларға әрі қарай түсініктеме беру және нақтылау үшін ұсынылады. Алғашқы кезеңде сарапшылар ретінде зерттеу базамыз Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғылыми қызметкерлері және ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар оқытушылар таңдап алынды. Бұл процесс атқарылатын жұмыстардың үш кезеңді сақтап, талапқа сай орындалуын талап етеді (1-сурет).



1-сурет. Сараптамалық жұмыс кезеңдері

Ұсынылған сауалнама мазмұнында болашақ мұғалімнің бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастырудағы ғалым-оқытушының қосатын үлесі туралы және оның рөлін арттырудағы ықпал

етуші және кедергі келтіретін факторлар туралы сұрақтар да орын алды. Мысалы, «ЖОО-ғы студенттердің өзіндік жұмыстарының ұйымдастырылу сапасы және білім алушылардың зерттеушілік мәдениеті қалыптасуының деңгейі (төмен, орта, жоғары) туралы айтып берсеңіз?», «Студенттердің өзіндік жұмыстарды сапалы атқаруы үшін қажетті шарттар қандай?», «Сіз білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруда қалай (тиімді оқыту формасы, әдістерін пайдалану, жеке кеңес беру, бірлескен зерттеулер жүргізу, жетелеу, қолдау және т.б.) үлес қосасыз?».

Ал *жеке факторларға* қатысты сауалнама мен сұхбаттарда мынадай сұрақтар қойылды: «Болашақ бастауыш мектеп мұғалімі үшін зерттеушілік мәдениеті маңызды деп ойлайсыз ба? Неліктен?», «Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуде сізде жеткілікті білім, біліктер, тәжірибе бар деп білесіз бе?»

*Ұйымдастырушылық факторларға қатысты* қойылған сауалдар бағыты мынадай болды. Мысалы, «ЖОО-дағы осы мәселеге қатысты көзқарасыңыз қандай?», «Сіздің пәніңіздің мазмұнында арнайы оқу үдерісінде зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға уақыт, көңіл бөліне ме, егер болса, қалай?», «Өз пәніңіздің мазмұнында СӨЖ және ОСӨЖ, ҒЗЖ қаншалықты мән бересіз?».

Сарапшылар деректерін талдау аналитиктер тобы арқылы жүзеге асырылды. Зерттеулер (сауалнама, сұхбат, әңгіме) барысында алынған нәтижелер өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін, ең алдымен, *нақты мақсат қою, жоспарлау, мотивация, рефлексия және өзін-өзі бақылау* сияқты басты критерийлерін ескеру қажет екенін көрсетті. Бұл зерттеуге алынған үдерістің көп қырлы, көп факторлы мәнге ие екенін, күрделілігін және қолданылатын әдіс-тәсілдер маңыздылығын растайды. Дегенмен бұл пікірлердің әртүрлілігіне қарамастан, білім мазмұнына сәйкес танымдық тақырыптық тапсырмалардың айқын, анық болуы, академиялық ресурстардың қолжетімділігі, студенттің автономия деңгейі және оқытушы мен білім алушылар арасындағы кері байланыс сапасы сияқты негізгі критерийлер бойынша жұмыстар жүргізудің де рөлі зор.

Педагогикалық бақылау және өзге де әдістерді қолдану арқылы тиімді өзіндік жұмыстардың критерийлері мен өлшемдерін анықтау жан-жақты талдауды және көптеген факторларды назарда ұстап, тәжірибеде ескерудің қажеттілігін аңғартты. Алынған мәліметтер, сарапшылармен жүргізілген сауалнама нәтижесі тақырыпты объективті және терең талдауға мүмкіндік беретін сапалы деректерді жинаудың ұтымды амалы болып шықты. Бұл критерийлер біз үшін болашақта студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық стратегияларды әзірлеуге негіз бола алады. Дегенмен бұл критерийлер мен өлшемдердің анықталуы тек бастапқы кезең екенін ескерсек, оларды белгілі бір білім беру ортасында жүзеге асыру, практикаға бейімдеу және тиімділігін, түрлі аспектіде қолданылу деңгейін анықтау үшін қосымша мақсатты зерттеулер мен тәжірибелерді жүргізу сөзсіз қажет.

Ал болашақ маман педагогтар бойында зерттеушілік мәдениетінің қалыптасу деңгейіне сандық және сапалық талдауды қамтитын тәжірибелік зерттеулер Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде БОПмЭ білім беру бағдарламасы студенттері арасында жүргізілді. Сауалнамаға аталған білім бағдарламасының 2-3-курстарынан 50 студент қатысты.

Зерттеу барысында өзіндік жұмыстың критерийлері мен өлшемдері анықталып, оларды тәжірибеге енгізу үшін Сараптамалық (Delphi) әдісі арқылы сарапшылардың көзқарастары жинақталды. Деректерді жүйелеу және талдау аналитикалық топ тарапынан үйлестірілді.

Нәтижелер:

- Студенттердің 34 %-інде зерттеушілік мәдениеті бастапқы деңгейде қалыптасқан;
- 46 %-інде орта деңгейде;
- 20 %-і ғана жоғары деңгейге сәйкес.

Негізгі нәтижелер студенттер арасында зерттеушілік білім, білік, дағдыларды игерудің әртүрлі деңгейлерін көрсетті, бұл оқыту үрдісінде жеке студентке бағытталған амал-тәсілдердің қажеттілігін айқындауға ықпал етеді. Оқытудың тәжірибеге бағдарлануының жеткіліксіздігі, тәуелсіз тақырыптық зерттеулер жүргізу үшін шектеулі мүмкіндіктер және ғылыми-әдістемелік қолдаудың әлсіздігі секілді проблемалардың орын алып отырғандығы біздің тәжірибемізде анықталды. Сонымен қатар әр оқу пәні бойынша нақты тақырыптық ғылыми жобаларды оқу бағдарламаларына енгізу мен студенттердің зерттеушілік іс-әрекетіндегі, ҒЗЖ-ғы оқытушылардың тәлімгерлік рөлін, жауапкершілігін арттыру қажеттілігі айқын аңғарылды. Анықталған деректер студенттердің зерттеушілік дағдыларын тиімді қалыптастыру үшін оқытудың әдіснамалық және практикалық базасын жақсарту мен академиялық ресурстарды ұдайы жетілдіріп отыру қажеттілігін де көрсетті.

Тәжірибе барысы аңғартқандай, студенттер өз зерттеушілік дағдыларын, іскерліктерін дамытуға қызығушылық танытады, әйтсе де ғылыми-әдістемелік қолдауды қоса алғанда, ресурстардың жеткіліксіздігі мен бірқатар педагогикалық-психологиялық кедергілердің бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Осылайша зерттеушілік мәдениетті дамытып, қалыптастыру үшін кәсіби бағыттылыққа орай білім мазмұнын үнемі жетілдіріп, оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу, оқытудағы әдістемелік қолдауды белсенді ету және зерттеу бастамаларын практикалық іске асыру мүмкіндіктерін құруды қамтитын кешенді нақты амалдар мен танымдық жұмыс формаларын, дидактикалық тапсырмалар кешенін ойластырудың маңыздылығы артады.

Осы орайда біз жоғары оқу орындарында білім алушыларының зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың деңгейін арттыру мақсатында студенттердің өзіндік жұмыс процесін оңтайландыру үшін бірқатар *инновациялық стратегиялар мен әдістемелерді* тәжірибеге енгізу қажетті шарттың бірі деп білеміз. Оған бүгінгі кредиттік білім беру жүйесі жағдайында мүмкіндіктер мол, дәлел ретінде қазіргі жоғары оқу орындарында әр оқу пәні бойынша педагогикалық жүктеменің басым бөлігін осы СӨЖ, ОСӨЖ бағыттарының құрайтынын білеміз. Соңғы үлгідегі *ақпараттық және интерактивті оқытудың түрі, интерактивті оқыту модульдері, бейне сабақтар, медиа ресурстар мен онлайн курстарды пайдалану, ойын, жобалау технологиялары мен сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары* сияқты және т.б. дидактикалық құралдар мен әдіс-тәсілдерді үйлесімді қолдану студенттердің танымдық белсенділігі мен қызығушылығын, оқу тапсырмаларын орындаудағы дербестігі мен жауапкершілігін арттырып, тәрбиелеуде тиімді.

Сондай-ақ оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыруда *жеке* немесе *шағын топтарда бірлескен жобаларды іске асыруға* назар аударып, зерттеулер объектісінің нақты кәсіби даярлық бағытына неғұрлым жақын болуына мән беру де маңызды. Ал студенттердің ұжымда, шағын топтарда өзара әрекеттесуі мен бірлескен ізденіс жұмысы олардың бойында коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар зерттеулер шеңберінде өзара білім мен тәжірибе алмасуға, тұлғалық жан-жақты жетілуіне мол мүмкіндік береді, бұл әсіресе, кәсіби тұрғыдан әр ізденуші бойында зерттеушілік мәдениетін, құзыреттілігін қалыптастыруда өте маңызды.

Осы орайда студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізуде олардың *жеке басы қажеттіліктерін, мүмкіндіктері мен қызығушылығын ескеріп, назарға алып отыру* да шешуші рөл атқарады. Тапсырмалар мен материалдарды студенттердің нақты талаптары мен мүдделеріне, кәсіби даярлық бағытына бейімдеп ұсыну, сөзсіз оқу сапасын едәуір жақсартады және зерттеушілік қызметке баулып, ынталандыруда шығармашылық ізденіс белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Сол секілді студенттер мен оқытушылар арасында *тұрақты кері байланыс жүйесін құру* да айрықша мәнге ие. Өйткені кез келген мақсатқа бағытталған педагогикалық үдерісте қол жеткен нәтижені бақылау мен есепке алып отыру қажет. Осындай шарттардың сақталуы оқу материалдарының зерттеу мәселесіне бейімделуіне оңтайлы ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар студенттердің кәсіби, сыни ойлауы мен икемді іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға жол ашады.

Сол секілді студенттердің қажетті оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілуі зерттеушілік мәдениеттің негізгі көзі болып табылатын ғылыми әдебиеттерді өз бетінше іздеп табуға, зерттеп, талдауға жетелейді. Студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстың әсерін арттыру үшін әр оқытушы өз тәжірибесіндегі меңгертілетін пәннің білім мазмұнына сай, дидактикалық мүмкіндіктерді негізге ала отырып, оқытудың формаларын, әдіс-тәсілдерін үнемі түрлендіріп, қайта жетілдіріп отырғаны жөн. Тиімді ұйымдастырылған өз бетінше жұмыс тапсырмалары мен оқу материалдары студенттердің кәсіби тұрғыдан педагогикалық үдерістер мен құбыластардың мәнін терең түсініп, талдауына, ақиқатқа көз жеткізуде, өзіндік ғылыми көзқарастарын дамыта отырып, теориялық білімдерді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін нақты зерттеу міндеттерін, жолдарын үнемі жаңартуға жетелейді. Осы тұрғыда *кейс әдісі* мен *жобалық оқытуды* тәжірибеге енгізу студенттердің зерттеу белсенділігін ынталандырудың тиімді құралы ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар *білім беру үдерісін цифрландыру* өзіндік жұмысты оңтайландыруда өте маңызды рөл атқарады. Түрлі *білім беру платформаларын, виртуалды зертханаларды, жергілікті базадағы және онлайн кітапханаларды* кеңінен пайдалану студенттердің ғылыми және білім беру ресурстарына қолжетімділігін айтарлықтай қамтамасыз ете алады.

Осы зерттеулер аясында жүргізілген өз тәжірибемізді негізге ала отырып біз, әсіресе, студенттер мен оқытушылардың біліммен, тәжірибемен, қызықты идеяларымен еркін алмасуында мақсатты, түрлі *ғылыми коммуникативті ортаны* (үйірмелер мен клубтар жұмыстары арқылы) қалыптастыру зерттеушілік мәдениетті қалыптастырудың маңызды шарты деп білеміз. Жоо және жеке кафедра

профессор-оқытушылар құрамымен, ғылыми жетекшілермен және курс, топ студенттерімен өзара тығыз байланыс орнатып, ынтымақтастық пен топтық жұмыс элементтерін енгізу арқылы оқудағы әрекеттесу де өзіндік жұмыс үдерісін барынша жетілдіреді. Ал бұл орайда, ең алдымен, білім алушыларды ынталандыру, оларға мотивация беру — аса назар аударуды қажет ететін тағы бір маңызды аспект.

Жоғарыда біз атап өткен жұмыс бағыттарын мақсатты, жүйелі, өзара үйлесімділікте сауатты жолға қою және тұрақты педагогикалық-әдістемелік бағытта жетілдіріп, түзетулер жүргізу студенттердің өзіндік жұмысының тиімділігін, сапасын едәуір арттырып, олардың бойында зерттеушілік мәдениетті оңтайлы қалыптастыруға айрықша ықпал етеді. Бұл ұсыныстарды енгізу білім беру үдерісінің динамикасына және студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес **заманауи білім беру технологияларын** өзіндік жұмыс үрдісімен үйлесімді біріктіру, олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, нақты тәжірибеге бейімдеу тиімділігін үнемі бақылауды қоса алғанда, кешенді ықпал ету қағидасын ұстануды қажет ететінін ескергеніміз жөн.

**Оқытуды жекелендіру** және **саралау** да басты назарда қалуы тиіс. Белгілі бір студентке бейімделген жеке амал-тәсіл өзіндік жұмыстың тиімділігін арттырады сөзсіз. Алайда мұндай оқытуды іс жүзінде ұйымдастырудың шынайылығы мен тұрақты болуын ескеру маңызды. Сонымен жүргізілген ізденістер, тәжірибелер барысы бізге қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі бірқатар проблемалар мен қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндіктер берді. Дегенмен студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы өзіндік жұмыс үдерісін барынша оңтайландырудың маңыздылығын түсіну үшін осы айтылған ұсыныстарды одан әрі талдап, болашақта белгіленген нақты жұмыстар әдістемесін даярлап, тәжірибеде сынықтан өткізу үшін әлі де мақсатты зерттеулердің атқарылуы қажет. Сол секілді студенттердің өзіндік жұмыстарының құрылымын, ресурстық базасын және оны әдістемелік қолдауды жақсартуға бағытталған шаралар кешенін жетілдіруді қамтиды. Әйтсе де олардың қолданылуы мен тиімділігі белгілі бір білім беру мекемесіне, ортасына, оның ресурстарына және студенттік аудиторияның ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі ықтимал. Бұдан біз осы мәселенің отандық ғылым теориясы мен практикасындағы зерттеу аясын кеңейтуде, әсіресе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби күзінділіктерін уақыт талабына сай қалыптастыру тұрғысынан қарастыру маңызды деп білеміз.

#### Қорытынды

Сонымен, зерттеу барысында біз өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үдерісін оңтайландыру арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында зерттеушілік мәдениетті қалыптастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкіндіктерін, жағдайын талдап, тұжырымдауға талпындық. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу, талдау, жоғары оқу орындары студенттерінің зерттеушілік мәдениеті қалыптасуының қазіргі жағдайын эмпирикалық зерттеу және өзіндік жұмыстың қолданыстағы әдістемелерін аналитикалық зерделеу осы саладағы негізгі проблемалар мен қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен, студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың деңгейін арттыру мақсатында өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үдерісін оңтайландыру бойынша әдістемелік ұсынымдар:

- өзіндік жұмысты студент қажеттіліктеріне сәйкес жекелендірілген тәсілмен ұйымдастыру;
- сыни ойлау, жобалық технологияларды енгізу;
- зерттеу жобаларын оқу бағдарламасына інгізу;
- зерттеу үйірмелері мен клубтарын құру;
- студенттер мен оқытушылар арасында тұрлы формадағы серіктестік жөнінде үдерісті дамыту;

Заманауи білім беру технологияларын интеграциялаудың, оқытуды жекелендірудің және ОСӨЖ мен СӨЖ-да, аудиториядан тыс ҒЗЖ-да оқытушылар тарапынан тәлімгерлік қолдауды күшейтудің маңыздылығы алдыңғы қатарға шықты. Бұл факторлар әдістемелік және ресурстық базаны оңтайландырумен бірге студенттердің өзіндік жұмыстарының сапасына үнемі көңіл бөліп, ұйымдастыру әдістемесі мен техникасының тиімділігін едәуір арттырады, олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоғарыда айтылған ұсыныстар студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру саласындағы әдістер мен тәсілдерді жетілдіруге бағытталған кешенді шешім. Оларды іске асыру амал-тәсілдерді жүйелі, нақты білім беру мекемелерінің жағдайларына бейімдеуді және үздіксіз жетілдіріп, түзету мақсатында қол жеткен нәтижелерді бақылап, бағалауды талап етеді. Сонымен қатар жүргізілген зер-

ттеулер бүгінгі университеттік деңгейде кәсіби білім берудегі оқытушылардың студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы қосатын өзіндік үлесін және осы үлесті барынша қалай арттыруға болатыны туралы түсінік берді. Алынған нәтижелерді жоғары мектеп оқытушылары, ғалым-ізденушілер студенттердің зерттеушілік мәдениетін өзіндік және түрлі оқу-танымдық жұмыстар арқылы қалыптастыру мақсатында және кәсіби педагог мәдениетінің деңгейін барынша арттырудағы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан үлес қосу мүмкіндіктерін толық пайдалануда негізге алуына болады. Сол сияқты, өзге педагогикалық бағыттағы университеттік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы кафедралар мен біліктілікті арттыру институттары студенттер мен оқытушыларды академиялық білімі бар оқытушылар қызметіне сапалы, жан-жақты дайындау мақсатында пайдалана алады.

Қорыта келе айтқанда, болашақ мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мәселесін жаңа бір қырынан одан әрі зерттеу, жан-жақты зерделеу маңызды. Өйткені біз сөз еткен педагогикалық жұмыстардың бағыттары, формалары, әдіс-тәсілдері мен берілген ұсыныстар педагогика ғылымы мен тәжірибесінің осы маңызды саласындағы түрлі тақырыптық зерттеулерге, ғылыми-практикалық тәжірибелер мен инновацияларға негіз болады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Афолина Е.В. Организация научно-исследовательской работы студентов в вузе [Электронный ресурс] / Е.В. Афолина, Н.В. Басс, М.Н. Левая // Тенденции развития науки и образования. — 2019. — № 49-1. — С. 22. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-nauchno-issledovatel'skoy-raboty-studentov-v-vuze/viewer>
- 2 Романова М.В. Обеспечение непрерывности взаимодействия процессов развития и саморазвития научно-исследовательской культуры педагога [Электронный ресурс] / М.В. Романова, Е.П. Романов, И.В. Самарокова // Проблемы современного педагогического образования. — 2018. — № 60-1. — С. 233–236. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/obespechenie-nepreryvnosti-vzaimodeystviya-protsessov-razvitiya-i-samorazvitiya-nauchno-issledovatel'skoy-kul'tury-pedagoga/viewer>
- 3 Иванова Е.О. Формирование универсальных компетенций студентов в процессе научно-исследовательской деятельности [Электронный ресурс] / Е.О. Иванова // Ярославский педагогический вестник. — 2018. — № 5. — С. 146–155. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-universalnyh-kompetentsiy-studentov-v-protsesse-nauchno-issledovatel'skoy-deyatelnosti/viewer>
- 4 Баранова А.С. Пути формирования исследовательской культуры будущего специалиста в процессе самостоятельной деятельности [Электронный ресурс] / А.С. Баранова // Личностное и профессиональное развитие будущего специалиста: материалы XIV Международной научно-практической Интернет-конференции. — 2018. — Т. 7. — С. 199–205. — Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=35310074&pff=1>
- 5 Рахмонов А.Б. Формирование исследовательских умений будущих педагогов в научно-проектной деятельности [Электронный ресурс] / А.Б. Рахмонов // Современное образование (Узбекистан). — 2020. — № 12 (97). — С. 11–18. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-issledovatel'skih-umeniy-buduschih-pedagogov-v-nauchno-proektnoy-deyatelnosti/viewer>
- 6 Исаева М.А. Факторы и условия формирования проектно-исследовательской культуры студентов педагогических специальностей [Электронный ресурс] / М.А. Исаева // Kant. — 2018. — № 2 (27). — С. 66–69. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/factory-i-usloviya-formirovaniya-proektno-issledovatel'skoy-kul'tury-studentov-pedagogicheskikh-spetsialnostey/viewer>
- 7 Чердынцева Е.В. Развитие исследовательской культуры обучающихся в системе профессионального образования [Электронный ресурс] / Е.В. Чердынцева // Вопросы педагогики — 2018. — № 2. — С. 115–118. — Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=32561073&ysclid=m5wkilghfy374166371>
- 8 Замкин П.В. Проблема разработки научно-методического обеспечения исследовательской деятельности студентов в условиях практико-ориентированной подготовки в педагогическом вузе [Электронный ресурс] / П.В. Замкин // Гуманитарные науки и образование — 2019. — Т. 10. — № 3 (39). — С. 48. — Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41287947&ysclid=m5wkj6kap620836638>
- 9 Турдиев Ш.П. Организация в процессе обучения учебно-исследовательской работы студентов [Электронный ресурс] / Ш.П. Турдиев, М.Г. Кельдиярова // Вестник науки и образования — 2020. — № 5-2 (83). — С. 21–25. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-v-protsesse-obucheniya-uchebno-issledovatel'skoy-raboty-studentov/viewer>
- 10 Olvido M.M. Developing research cultures in teacher education institutions: the gestation-expansion-maturation theory [version 1; peer review: 2 approved with reservations] / M.M. Olvido // Routledge Open Res. — 2022. — № 1(14). — DOI: <https://doi.org/10.12688/routledgeopenres.17510.1>
- 11 Verhoef L. The contribution of teachers of research-intensive teacher education programmes to a culture of inquiry in primary schools / L. Verhoef, M. Volman, L. Gaikhorst // Professional Development in Education — 2022. — № 48(5). — P. 861-877. — DOI: <https://doi.org/10.1080/19415257.2020.1747104>

Д.Е. Бурибаев, Г.Р. Бахтиярова, А.М. Токжанова

## **Значение эффективной организации самостоятельной работы в формировании исследовательской культуры будущих учителей начальных классов**

Статья посвящена изучению и установлению важности эффективной организации самостоятельной работы в формировании исследовательской культуры у будущих учителей начальных классов. Целью исследований в рамках рассматриваемой проблемы является выявление и оценка факторов, влияющих на качество и эффективность самостоятельной работы студентов вуза, разработка комплекса рекомендаций по ее оптимизации. В статье представлен систематический обзор литературы, посвящённый анализу результатов эмпирических исследований и организации самостоятельной работы, а также методам определения критериев и показателей, направленных на оценку современного состояния формирования исследовательской культуры студентов в практике. Основные выводы исследования показали необходимость интеграции современных образовательных технологий, персонализации учебного процесса, усиления роли наставничества преподавателей и оптимизации ресурсов и методических основ. Содержание статьи предполагает акцентирование внимания на динамике адаптации обучающихся к самостоятельной работе в современной кредитной системе обучения. Этот процесс отражает важность установления обратной связи в педагогической практике и взаимодействия студентов и преподавателей. Реализация представленных предложений повысит эффективность организации самостоятельной работы студентов и будет способствовать формированию на практике профессиональной исследовательской культуры будущих учителей начальных классов. Также в статье подчеркивается важность эффективной организации самостоятельной работы, проводимой в вузах. Такая работа позволяет формировать исследовательскую культуру будущих учителей начальных классов, постоянно совершенствовать профессиональный уровень педагогов-специалистов в соответствии с современными требованиями, повышать постоянное стремление к творческим поискам и прививать навыки принятия позитивных решений в различных ситуациях.

*Ключевые слова:* профессиональная подготовка, исследовательская культура, исследовательская деятельность, исследовательские навыки, самостоятельная работа студента, будущий учитель, персонализация обучения.

D.E. Buribayev, G.R. Bakhtiyarova, A.M. Tokzhanova

## **The importance of effective organization of independent work in the formation of the research culture of future primary school teachers**

The article aims to study the importance of effective organization of independent work of future elementary school teachers with specific focus being placed on the formation of their research culture. The purpose of research is to identify and assess the factors affecting the quality and efficiency of independent work of university students, to develop a set of recommendations for its optimization and improvement. The article provides a systematic review of the literature devoted to the analysis of empirical research results and the organization of independent work, as well as effective methods for determining the criteria and indicators of independent work, aimed at identifying the current state of the formation of students' research culture in real practice. The main findings of the study showed the importance of integrating modern educational technologies, personalizing the learning process, strengthening the role of teacher mentoring and optimizing resources and methodological foundations. The content of the article suggests emphasizing the dynamics of students' adaptation to independent work in the modern credential system of education. This process reflects the importance of establishing feedback in pedagogical practice and interaction between students and teachers. The implementation of the presented proposals will increase the effectiveness of the organization of students' independent work and will contribute to the formation in practice of professional research culture of future elementary school teachers. The article also emphasizes the importance of effective organization of independent work carried out in universities. This work provides opportunities to develop research culture of future elementary school teachers, to continue improvement of pedagogical specialists' professional level in accordance with modern requirements, to increase the constant desire for creative search and to develop skills of positive decision-making in various situations.

*Keywords:* professional training, research culture, research activity, research skills, student's independent work, future teacher, personalization of learning.

## References

- 1 Afonina, E.V., Bass, N.V., & Levaia, M.N. (2019). Organizatsiia nauchno-issledovatel'skoi raboty studentov v vuze [Organization of scientific research work of students at the university]. *Tendentsii razvitiia nauki i obrazovaniia — Trends in the development of science and education*, 49-1, 22. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-nauchno-issledovatel'skoy-raboty-studentov-v-vuze/viewer> [in Russian].
- 2 Romanova, M.V., Romanov, E.P., & Samarokova, I.V. (2018). Obespechenie nepreryvnoi vzaimodeistviia protsessov razvitiia i samorazvitiia nauchno-issledovatel'skoi kultury pedagoga [Ensuring the continuity of interaction between the processes of development and self-development of the scientific research culture of the teacher]. *Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniia — Problems of modern teacher education*, 60-1, 233–236. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/obespechenie-nepreryvnoi-vzaimodeystviya-protsessov-razvitiya-i-samorazvitiya-nauchno-issledovatel'skoy-kultury-pedagoga/viewer> [in Russian].
- 3 Ivanova, E.O. (2018). Formirovanie universalnykh kompetentsii studentov v protsesse nauchno-issledovatel'skoi deiatel'nosti [Formation of universal competencies of students in the process of scientific research activities]. *Yaroslavl'skii pedagogicheskii vestnik — Yaroslavl Pedagogical Bulletin*, 5, 146–155. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-universalnykh-kompetentsiy-studentov-v-protsesse-nauchno-issledovatel'skoy-deyatelnosti/viewer> [in Russian].
- 4 Baranova, A.S. (2018). Puti formirovaniia issledovatel'skoi kultury budushchego spetsialista v protsesse samostoiatelnoi deiatel'nosti [Ways of forming the research culture of a future specialist in the process of independent activity]. *Lichnostnoe i professionalnoe razvitiie budushchego spetsialista: materialy XIV Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi Internet-konferentsii — Personal and professional development of a future specialist: Materials of the XIV International Scientific and Practical Internet Conference* (pp. 199–205). Retrieved from <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=35310074&pff=1> [in Russian].
- 5 Rahmonov, A.B. (2020). Formirovanie issledovatel'skikh umenii budushchikh pedagogov v nauchno-proektnoi deiatel'nosti [Formation of research skills of future teachers in scientific and project activities]. *Sovremennoe obrazovanie (Uzbekistan) — Modern education (Uzbekistan)*, 12 (97), 11–18. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-issledovatel'skikh-umeniy-budushchih-pedagogov-v-nauchno-proektnoy-deyatelnosti/viewer> [in Russian].
- 6 Isaeva, M.A. (2018). Faktory i usloviia formirovaniia proektno-issledovatel'skoi kultury studentov pedagogicheskikh spetsialnostei [Factors and conditions for the formation of the design and research culture of students of pedagogical specialties]. *Kant*, 2 (27), 66–69. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/faktory-i-usloviya-formirovaniya-proektno-issledovatel'skoy-kultury-studentov-pedagogicheskikh-spetsialnostey/viewer> [in Russian].
- 7 Cherdynseva, E.V. (2018). Razvitiie issledovatel'skoi kultury obuchaiushchikhsia v sisteme profesional'nogo obrazovaniia [Development of students' research culture in the professional education system]. *Voprosy pedagogiki — Questions of pedagogy*, 2, 115–118. Retrieved from <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=32561073&ysclid=m5wkihgfy374166371> [in Russian].
- 8 Zamkin, P.V. (2019). Problema razrabotki nauchno-metodicheskogo obespecheniia issledovatel'skoi deiatel'nosti studentov v usloviakh praktiko-orientirovannoi podgotovki v pedagogicheskom vuze [The problem of developing scientific and methodological support for students' research activities in the context of practice-oriented training at a pedagogical university]. *Gumanitarnye nauki i obrazovanie — Humanities and education*, 10, 3(39), 48. Retrieved from <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41287947&ysclid=m5wkj6kap620836638> [in Russian].
- 9 Turdiyev, Sh.R., & Keldiyarova, M.G. (2020). Organizatsiia v protsesse obucheniia uchebno-issledovatel'skoi raboty studentov [Organization of students' educational and research work in the learning process]. *Vestnik nauki i obrazovaniia — Bulletin of Science and Education*, 5-2(83), 21–25. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-v-protsesse-obucheniya-uchebno-issledovatel'skoy-raboty-studentov/viewer> [in Russian].
- 10 Olvido, M.M. (2022). Developing research cultures in teacher education institutions: the gestation-expansion-maturation theory [version 1; peer review: 2 approved with reservations]. *Routledge Open Res*, 1(14). DOI: <https://doi.org/10.12688/routledgeopenres.17510.1>
- 11 Verhoef, L., Volman, M., & Gaikhorst, L. (2022). The contribution of teachers of research-intensive teacher education programmes to a culture of inquiry in primary schools. *Professional Development in Education*, 48(5), 861–877. DOI: <https://doi.org/10.1080/19415257.2020.1747104>

## Information about the authors

**Buribayev D.E.** — Corresponding Author, Master of Pedagogical Sciences, Doctoral Student of the Educational Program “Pedagogy and Methods of Primary Education”, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan; e-mail: [dau\\_27.94@mail.ru](mailto:dau_27.94@mail.ru), ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9062-1385>

**Bakhtiyarova G.R.** — Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan; e-mail: [aibol04@mail.ru](mailto:aibol04@mail.ru), ORCID <https://orcid.org/0000-0002-0534-4879>

**Tokzhanova A.M.** — Candidate of Pedagogical Sciences, Docent, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan; e-mail: [aigul\\_tokzhan@mail.ru](mailto:aigul_tokzhan@mail.ru), ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0354-5789>